

Nurly ÓLKE

QOĖAMDYQ- SAYASI GAZET

ОБЩЕСТВЕННО - ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА

№ 36 (756) 7.9. 2023

E-mail: nurliolke@mail.ru

nurliolke.kz

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚР Президенті:

«ӘРКІМ ОТАНШЫЛ, АДАЛ БОЛСА АЛЫНБАЙТЫН АСУ ЖОҚ»



Дәстүр бойынша Парламент сессиясының ашылуында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» деп аталатын Қазақстан халқына жолдауын жасап, ел дамуының негізгі бағыт-бағдарын айқындап берді. Үкіметке, Парламентке, басқа да құзырлы орындарға, тұтас халыққа жүктелген міндет, берілген тапсырма, айтылған тілек әдеттегідей ауқымды болды. Оның бірқатары бұрыннан көтеріліп жүр-ген мәселелер болса, енді біразы көптің көкейінде жүрсе де, айтылмай келген шаруалар. Тың бағыттар да белгілен-ді. Бұл жолдауда біраз кемшіліктің де беті ашылды, оның салдарымен қатар, себебі де ортаға салынды. Астарлы түрде де, тура мағынасында да үкіметке сын айтылды.

(Жалғасы 13,14-беттерде)

ҰЛЫ ҚАЛАМҒЕРДІҢ ҒАСЫР ТОЙЫ



Биыл Екінші дүниежүзілік соғыстың ардагері, журналист, жазушы, қазақ әдебиетіне шытырман оқиғалы детектив жанрын алып келген қарымды қаламгер Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы. «Қазақ детективінің атасы» атанған жазушының ғасырлық мерейтойын Жетісу жұртшылығымен бірге бүкіл қазақ елінің әдебиет сүйер зиялы қауым өкілдері Қаратал ауданының Жаңаталап ауылында сән-салтанатпен атап өтті. Қазақ мәдениеті мен әдебиетіне сүбелі үлес қосқан қарымды қаламгердің тойына 60-тан астам киіз үй тігіліп, 50 мыңға жуық адам жиналды.

Алдымен Жетісу облысының бас имамы Керімбек Даутов Кемел Тоқаевтың рухына арнап, Құран бағыштады. Осыдан кейін облыс әкімі Бейбіт Исабаев жиналған қауымға игі тілегін білдіріп, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың арнайы жолдаған құттықтау хатын оқып берді.

– Баршаңызды көрнекті жазушы, Ұлы Отан соғысының жауынгері Кемел Тоқаевтың 100 жылдығы аясында өткізіліп отырған іс-шараның ашылуымен шын жүректен құттықтаймын! Кемел Тоқаев төл әдебиетімізде отандық детектив жанрының негізін қалаған қарымды қаламгер. Жазушы өз

шығармаларында саяси және әлеуметтік мәселелерді тереңнен қозғады. Оның туындылары қазақ сөз өнерінің жаңа арнада жандануына ықпал етіп, әлі күнге дейін өзінің өзектілігі мен өміршеңдігін сақтап келеді. Көрнекті жазушы қаламгерлік пен қайраткерлікті ту етіп, ел рухын оятатын батыл бастамаларды көтерді. Өзінің азаматтық борышын абыроймен өтеді», – деген Бейбіт Әксікбайұлы Кемел Тоқаевтың жазушылық қуаты қандай терең болса, өмірдегі азаматтық, елжандылық, ақиқатшылдық мұраты да сондай биік болғанын айтты. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының құттықтау хатына да ерекше тоқталды.

«Осы игі шараға атсалысқан барша ағайынға, қадірлі қонақтар мен әдебиетсүйер қауымға терең ризашылығымды білдіремін. Бүгінгі салтанатты іс-шараға жиналған барша азаматтарға зор денсаулық, толағай табыс, бақ-береке тілеймін», – делінген хатта.

Осыдан кейін Алматы облысының Құрметті азаматы Наурыз Қылышбаев жылы лебізін білдіріп, тойға жиналған ағайынға ақ батасын берді.

(Жалғасы 3-бетте)

ӨРКЕН

ҚОНАЕВ ҚАЛАСЫН ТУРИСТІК АЙМАҚ ДЕСЕК БОЛАДЫ. ҚАПШАҒАЙ КӨЛІНЕ ШОМЫЛЫП, КҮНГЕ ҚЫЗДЫРЫНУ ҮШІН ЖЫЛ САЙЫН ЕЛІМІЗ ҒАНА ЕМЕС, ШЕТ ЕЛДЕН ДЕ ТУРИСТЕР КӨПТЕП АҒЫЛАДЫ.

ҚОНАЕВ – ТУРИСТІК ҚАЛА

Жалпы биыл Алматы облысының туризм саласы оң көрсеткіштерге ие болды. Мәселен, осы жылдың қаңтар-тамыз айлары аралығында облыс аумағына келген туристер саны 7 есеге, яғни, 11,8 мың саяхатшыға дейін өсті. Ал ішкі туризм 13 пайызға, яғни, 1,1 млн адамға дейін көтерілді. Бұл сандар аймақтың туристер үшін тартымды бола бастағанын көрсетеді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Парламенттің бірінші сессиясында сөйлеген сөзінде: «Туристтік саланың әлеуеті толық ашылған жоқ. Елде тартымды туристік орындар бар, бірақ олар әлі қолжетімді емес. Бұл секторда елеулі серпіліс жасау үшін, ең алдымен, инфрақұрылымдық мәселелерді кешенді шешу және қызмет көрсету сапасын түбегейлі жақсарту қажет. Оны көтерген жөн», – деді.

Соңғы жарты жылда облыстық туризм басқармасы бірқатар ауқымды іс-шара өткізді. Туристтік кластерден бастап, «Visit Alatau» жаңа брендині іске асыруға дейінгі игі бастамалар ішкі және сыртқы туристік нарықта облыстың оң имиджін қалыптастырары сөзсіз.

«Е-Қонақ» шетелдік туристер ағыны мен көші-қонды есепке алу жүйесінің деректері бойынша, Алматы облысы республикада үшінші орында тұр. Яғни, Алматы қаласы мен Астанадан кейінгі орынға біздің облыс жайғасқан. Шетелдік туристерден жиналған «Bed tax» салығының көлемі 68,2 мың теңгеден 3,1 млн теңгеге дейін ұлғайды. Бұл өңірдегі саланың табысты дамуының тағы бір көрсеткіші болып саналады.

Мұндай түбегейлі өзгерістерге Қытай мен Оңтүстік Кореядағы ауқымды маркетингтік науқандар, сондай-ақ, «Qonaev International Balloon Fest» және «Adrenaline Tengri Ultra» сияқты халықаралық туристік шаралар оң серпін берді. Туристтік саланың өсу динамикасына күнделікті 450 миллион көрермені бар «BBC News» арнасындағы марке-

тингтік бейнелер, «Tripadvisor» сайтындағы жазбалар, әуе компанияларындағы жарнамалар да өз әсерін тигізгені анық.

Облыс аумағындағы аудандарда және Қонаев қаласындағы қонақүйлерде, демалыс орындары мен қызмет көрсету саласының басқа да кәсіпорындарын қоса алғанда, барлық туристік нысандарда зерделеу жұмысы жүргізілді. Түгендеу нәтижесінде ресми тіркелген 241 туристік нысан саны екі есеге өсті. Яғни, іс жүзінде облыста 511 туристік нысан бар болып шықты.

Қазіргі таңда аталған салада бірқатар заңнамалық актілерге өзгерістер енгізуді көздейтін жоба әзірленуде. Бұл жоба Бюджет кодексіне, Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару, туристік қызмет бағытындағы заң нормаларына қатысты болып отыр. Мұндағы мақсат – туристік объектілерге инженерлік инфрақұрылым жүргізу.

Бүгінде ғылыми орта мен республикалық институттардың кәсіби мамандарын, сондай-ақ, шығармашылық жастарды тарта отырып әзірленген туристік саланы дамытудың 2023-2026 жылдарға арналған Бас жоспары ерекше маңызға ие. Бұл – жай құжат емес. Мұнда аудандар арасындағы туристік қызметті оңтайландырудың және осы саладағы мемлекеттік саясатты жүзеге асырудың мақсат-міндеттері белгіленген. Аталған құжатта маркетингтік ілгерілеу, инфрақұрылымды дамыту, Ұлттық саябақтарда 300 шақырымнан астам туристік соқпақ салу, навигациялық жүйелерді жетілдіру міндеттері қарастырылған. Бас жоспардан басқа, әр ауданның ерекшеліктері мен туристік әлеуетін ескеретін Жол картасы жобасы құрылды. Нәтижесінде, туристік нарықты дамытудың қысқа мерзімді тенденциялары және алға қойған мақсатқа тез жету үшін өңір басшылығы қабылдауы тиіс нақты қадамдар көрсетіледі.

Алма ЕСЕНБАЙ